



**Коучинг тақырыбы:**

**Сабақ беру үдерісіндегі кері байланыстың  
маңыздылығы және түрлері .**

**Өткізген: Масакова Майра Алдабергеновна  
Альжанова Макпал Амановна**

**2015-2016 оқу жылы**






# Сабак беру үдерісіндегі кері байланыстың маңыздылығы және түрлері



2015-2016 оқу жылы



# Мақсат:



**Мұғалімдерге сабақтағы кері байланыс жайлы, оның түрлері, әдістері жайлы мәліметтер алуға жағдай жасау.**

**Оқушылардың көңіл- күйіне, сабақтағы іс-әрекетке, оқу материалдарына рефлексия жасау жолдарын жоспарлауды бірлесіп қарастыру.**



**Коучинг ережесі**

```
graph TD; A[Коучинг ережесі] --> B[Қатысушыға сенім арттыру]; A --> C[Сөйлеушіге құрмет көрсету]; B --> D[Болып жатқан нәрселерге белсене қатысу]; C --> E[Осы мезетте және қазір принциппен қатысу]; D --> F[Тыныштық сақтау]; E --> F;
```

*Қатысушыға сенім арттыру*

*Сөйлеушіге құрмет  
көрсету*

*Болып жатқан нәрселерге  
белсене қатысу*


*Осы мезетте және қазір  
принциппен қатысу*

**Тыныштық сақтау**

# Тапсырма




Сабақ үдерісіндегі кері байланыстың маңызы



Кері байланыс түрлері



Сауалнама, сұрақ-жауапқа құрылған кері байланыс түрлері



Кері байланыс ұсынудағы ережелер





**Кері байланыс** – адамның  
өзі куә болған оқиғаға  
немесе басқалардың  
әрекетіне айтылған пікірі.



**Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда  
көзделетін басты мақсат:**



**Оқушының саналы ішкі  
рефлексиясын даярлау, сол  
арқылы қазіргі кездегі маңызды  
болып саналатын өз бетімен  
еңбектену, бәсекеге қабілетті  
болу, алғырлық сияқты  
қабілеттерін дамыту.**






# Кері байланыс...



*Кері байланысты мұғалім*

*Кері байланыссыз мұғалім*



Оқуды оқыту жағдайына қарай түрі мен мазмұнын әдісі мен тәсілін бейімдейді, тиімді оқытады.

Үйреншікті оқыту түрін өзгертпейді, оқытуда бір ғана әдіспен оқыту түрін пайдаланады.





# Кері байланыс



Бақылау,  
түйінді

Сауалнама,  
сұрақ-жауап,  
кесте, сурет



Эмоциялық күйді,  
іс-әрекетті, материалды,  
мазмұны

Жазбаша,  
ауызша

Жеке,  
топтық



# Кері байланыстың әдіс-тәсілдер



Көңіл-күй мен  
эмоциялық  
жағдайды  
анықтауға арналған

- ✓ «Ауа райы»,
- ✓ «Бағдаршам»
- ✓ «Алма ағашы»
- ✓ «Бір сөзбен»

Сабақтағы  
іс - әрекетке

- ✓ «Табыс  
сатысы»
- ✓ «Таңдау»

Оқу  
материалының  
мазмұны

- “Синквейн”
- “Аяқталмаған  
сөйлемдер”
- «Плюс, минус,  
ҚЫЗЫҚТЫ»



# Көңіл – күй мен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған



- «*Ауа райы*»
- «*Бағдаршам*»
- «*Алма ағашы*» Оқушыларға сабақ басында екі түсті “алма” беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. **Жасыл** түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын: менің көңіл – күйім көтеріңкі. **Қызыл** түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.
- «*Бір сөзбен*» Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен, өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипатайтындай 3 сөзді таңдап айтады. \*Төзімсіздік, \*Ашу, \* Қуаныш, \* Немқұрайлылық, \*Қанағаттану, \*Шабьт, \*Зерігу,\* Алаңдау, \* Тыныштық, \* Сенімділік, \* Сенімсіздік, \*Рахаттану.



# Сабақтағы іс - әрекетке кері байланыс.



- **«Табыс сатысы» әдісі:** кәдімгі сатының суреті, сатының
- 1 - ші баспалдағы \*Мен..... БІЛЕМІН,
- 2 - ші баспалдағы \*мен..... ТҮСІНЕМІН,
- 3 - ші баспалдағы \*Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН
- **«Таңдау» әдісі.**
- 1. Маған сабақ қызықты \_\_\_\_\_ қызықсыз болды деп ойлаймын.
- 2. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені \_\_\_\_\_ үйренгенім аз болды.
- 3. Мен басқаларды мұқият \_\_\_\_\_ зейінсіз тыңдадым.
- 4. Мен пікірсайыстарға жиі \_\_\_\_\_ сирек қатыстым
- 5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын \_\_\_\_\_ риза емеспін.
- Бұл карточканы таратып бергенде оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен сабаққа деген ынтасын білдіретін сөйлемдердің бірінің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады.



# Оқу материалы мазмұнының кері байланысы



- **“Синквейн” әдісі, оқушының оқып отырған тақырыпқа қатысты – әрекетін анықтауға, бұрынғы білім мен жаңаны түсінудің арақатынасын жалғастыруға мүмкіндік береді.**
- **“Аяқталмаған сөйлемдер”**
- \* Бүгін мен..... білдім \* ..... қызықты болды. \* ..... қиын болды.
- \* ..... тапсырманы мен орындадым. \* ..... екенін түсіндім.
- \* Мен енді..... білемін. \* Мен..... сезіндім
- \* Мен..... білім алдым. \* Мен..... үйрендім.
- \* ..... менің қолымнан келді. \* Мен..... жасай алдым
- \* Мен..... жасап көруге талпынамын. \* ..... мені таң қалдырды. \*  
Сабақ менің өміріме..... берді. \* Менің..... жасағым келді
- **«Плюс, минус, қызықты» Эдвард де Боно (1968 ж)**
- «Плюс» - оң әсер еткен фактілерді, алған, білімдері жайлы жазады.
- «Минус» - “қолымнан келмей жатыр” немесе “ түсініксіз болып тұр ” деген ойларын жазады.
- «Қызықты»- деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады, немесе не жайында көбірек білгісі, соны жазады





# Өркениеттіліктің басты міндеті – адамды ойлау білуге үйрету. *Эдисон*



**РЕФЛЕКСИЯ БӨЛІМІ**

**БАҒДАРШАМ**

**Мүлдем түсінбедім**

**Күмәнім бар**

**Сұрақтарым бар**

Аты: \_\_\_\_\_ Сабақ не туралы болды? \_\_\_\_\_

**Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?**

**Бұл сабақ қиыншылықты қиын болды?**

Қиын емес

Қиын, бірақ нәтиже шығардым

Қиын, бірақ өсетін шығардым

Қиын, бірақ сабақты игергенім

Қиын, бірақ қарамастан тапсырманы орындай алдым

**Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдың?**

Мұңал сезімде

Сенімсіз


Адал сезімде

Сенімде

Өте сенімде



## КЕРІ БАЙЛАНЫС



- Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді **жасыл түске** боя;
- Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді **сары түске** боя;
- Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, мұғалімнің көмегі қажет болса, желкенді **қызыл түске** боя.

Егер қаласаң, кемеңі де бояуыңа болады

## Кері байланыс



«Бес саусақ» әдісі

1. **Бас бармақ** – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды.
2. **Балалы үйрек** – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім? Кімге риза болдым?
3. **Ортан терек** – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?
4. **Шылдыр шүмек** – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?
5. **Кішкентай бөбек** – көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім.



Аты - жөніңіз: .....

Мектебіңіз: .....

Коучинг сабағына баға беріңіз:

- 😊 - өте жақсы
- 🙂 - жақсы
- 😊 - жақсы емес




# «5 саусақ» әдісі



- **Бас бармақ** – мен үшін маңызды және ҚЫЗЫҚ
- **Балан үйрек** – маған түсініксіз болды
- **Ортан терек** – маған жеткілікті болмады
- **Шылдыр шүмек** – менің көңіл күйім
- **Кішкене бөбек** – менің ұсынысым



Қорытынды:



Талдау жасаушының аты-жөні, қызметі: \_\_\_\_\_

Күні: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_





## Кері байланыс парағын толтыру

Мақсат пен  
міндеттер:

Сабақта не  
білдім?

Қосымша  
біліп  
келемін.



# Кері байланыс



**Көңілсіз,  
қызықсыз болды**



**Көңілді,  
қызықты болды**



**Сұрақтарым бар**



**Тақырыпты  
түсіндім**



**Сабақта берілген  
тапсырмаларды  
орындадым**



**Жаңа мағлұматтар  
білдім**

# Көңіл-күйді салу



- Оқушылар көңіл-күйді қарындаш, маркер, фломастер, акварель бояумен салады. Олардың суреті смайлик, жапырақ, гүл, өсімдік, жануар, геометриялық фигуралар, күн, немесе бұлт түрінде болуы мүмкін.
- Суреттерді топ ішінде шеңбер бойынша жіберіп, толықтыруға болады. Оны автор тарапынан топ ішінде немесе бүкіл сыныпқа түсіндіріледі. Суреттерді талқылаудан кейін қабырғаға іліп қойған орынды.
- Суреттерде қолданылған түстер бойынша оқушылардың көңіл-күйі мен өздерін қалай сезінгендіктерін анықтауға болады. Макс Лютердің түстерге берген мінездемесін қолдануды ұсынады.





# Көңіл-күйді салу



- ✓ **Қанық қызыл, алқызыл түс** – агрессия, ашу, толқығанды білдіреді;
- ✓ **Жұмсақ қызыл түс** (раушан, апельсин түсті) – қуаныш пен шаттықты білдіреді;
- ✓ **Көк түс** – мұңлы, бәсең көңіл-күй, шаршау, дем алғысы келетінді меңзейді;
- ✓ **Жасыл түс** – белсенділік, сонымен бірге бұл түсті тым көп қолданса, баланың қорғансыздығын көрсетеді, оның қорғаныш іздейтіндігін білдіреді;
- ✓ **Сары түс** – сабырлық түсі (қуаныш түсі) алайда бұл түске тым көп көңіл бөлу баланың бәсең бола бастағанын көрсетеді;
- ✓ **Күлгін түс** – алаңдаушылықты білдіреді, көңіл-күйі түсіңкі;
- ✓ **Бозғылт түс** – бала өз мүмкіншіліктерін ашпайды, оны бір нәрсе шектейді, қобалжуды тоқтады;
- ✓ **Қара түс** – көңілі пәс, бәрін де жоққа шығару, жұмыс жасауға құлықсыз, өзін аса бағалайды, немесе жақтырмайды деп ойлайды;
- ✓ **Қоңыр түс** – бәсең, алаңдаушылық пен өзіне-өзі сенбеушілікті көрсетеді.



# «Кемпірқосақ»



Тақтадағы кемпірқосақ суретіне өз есімдері жазылған стикерді желімдейді. Олар ең төменгі күлгін түстен ең жоғары орналасқан қызыл түске стикерді желімдеу арқылы өздерінің сабақтағы түсінік (немесе көңіл-күй) деңгейін білдіреді.



# «Екі жұлдыз, бір тілек»





# «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі



Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?	Не қиын болды?



# «Күн көзі»



Оқушылар сабақ туралы өз ойларын сары түсті жолақ қағаздарға жазып, тақтада салынған күннің суретіне барып жапсырады. Тапсырма соңында барлық пікірлер оқылып, сабаққа қорытынды жасалады.



# «Шеңбердегі доп»



**Оқушылар шеңберлене отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады (немесе жүректің кішкене сұлбасын сағат тілі бойынша жылжытып отырады). Доп қолына тиген оқушы сабақ туралы бір сөйлем айтады.**



# 6 ойлау қалпағы



**Ақ қалпақ – ақпараттар, фактілер**

**Қызыл қалпақ – ішкі сезім**

**Қара қалпақ – логикалық негативті ойлау**

**Сары қалпақ – логикалық позитивті  
ойлау**

**Жасыл қалпақ – шығармашылық ойлау**

**Көк қалпақ – ойлау процесін басқару**



# Қорытынды



- ✓ Оқу/оқыту мен үйренудің/ үйретудің қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтау мүмкіндігін береді
- ✓ Оқу мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады
- ✓ Дұрыс жауап немесе бағыт таңдалып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады.







Қатысқандарыңызға  
рахмет!

Thank You !

Благодарю  
за внимание!



L/O/G/O